

Француз Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қаржыландыру туралы хаттаманы (Алматы қаласының сумен қамтамасыз ету мен кәріз инфрақұрылымын қалпына келтіру және жаңғырту жобасы) іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 26 сәуір N 477

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Француз Республикасы Үкіметінің атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Натексис Банк Попюлэр арасындағы 27 440 000 (жиырма жеті миллион төрт жүз қырық мың) ЕВРО сомасына несие келісімінің жобасы (Алматы қаласының сумен қамтамасыз ету мен кәріз инфрақұрылымын қалпына келтіру және жаңғырту жобасы) мақұлданын

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан

Республикасының Қаржы министрі Александр Сергеевич Павловқа заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда аталған Несие келісіміне қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, қол қоюға уәкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

2000 жылғы 5 қазанда қол қойылған
Француз Республикасының Үкіметі мен
Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы
Қаржыландыру туралы хаттаманы қолдану үшін

Француз Республикасы Үкіметінің атынан және тапсырмасы
бойынша әрекет ететін
Натексис Банк Попюлэр

мен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және тапсырмасы
бойынша әрекет ететін
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

арасындағы

Несие келісімі

КІРІСПЕ БӨЛІМ

ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Үкіметі мен ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Үкіметі 2000 жылғы 5 қазанда қол қойған, Хаттамаға қосымшада көрсетілген жобаны іске асыруға байланысты француз жабдықтарын және қызметтерді сатып алуды қаржыландыру үшін оған сәйкес француз Үкіметі қазақстан Үкіметінің билігіне бұдан әрі "Несие" деп аталатын, ең жоғары сомасы ЖИЫРМА ЖЕТІ МИЛЛИОН ТӨРТ ЖҮЗ ҚЫРЫҚ МЫҢ ЕВРОНЫ (27 440 000 ЕВРО) құрайтын француз Қазынашылығының несиесін берген, бұдан әрі "Хаттама" деп аталатын Қаржыландыру туралы хаттамаға қол қойғанын назарға ала отырып,

Осы Хаттаманың 3-бабында Француз Республикасы Үкіметінің атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ арасында Несиені пайдалану мен өтеудің белгіленген ережесін қолдану жөніндегі Келісімге қол қою көзделгенін назарға ала отырып,

Институционалдық қызмет жөніндегі директор Филипп МИШО мырза өкілдік ететін Француз Республикасы Үкіметінің атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР
бір тараптан,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін, төменде "ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ" деп аталатын ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

екінші тараптан,

ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫ:

1-БАП. Несиенің сомасы мен мәні

Ең жоғары сомасы ЖИЫРМА ЖЕТІ МИЛЛИОН ТӨРТ ЖҮЗ ҚЫРЫҚ МЫҢ ЕВРОНЫ (27 440 000 ЕВРО) құрайтын Несие ФРАНЦИЯДАН Хаттамаға қосымшада көрсетілген жобаны іске асыруға байланысты француз жабдықтарын және қызметтерді сатып алуды қаржыландыруға арналған.

Хаттаманың 5-бабына сәйкес ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ қазақстандық сатып алушыға (Алматы әкімияты) осы Несие сияқты мерзімі, жеңілдікті кезеңі және пайыздық ставкасы бойынша дәл сол сомаға және дәл сол шарттарда Евромен несие б е р е д і .

Егер тасымалдау француз кеме иеленушісі берген коносамент бойынша немесе француз әуе көлігі кәсіпорны берген авиа жүк құжаты бойынша немесе француз автомобиль жүк компаниясы берген көліктік жүк құжат бойынша жүзеге асырылатын және құзыретті француз өкімет орындары француз қызметі ретінде куәландыратын болса, ол француз қызметі ретінде қаралады.

Егер сақтандыру француз рыногында танылған компаниямен жасалған болса, ол француз қызметі ретінде қаралады.

Сонымен бір мезгілде, қаржыландыру ФРАНЦИЯДАН тыс басқа елдерде жүргізілген француз берушілерінің жеткізілімдері құрамына енгізілген әрі олардың жауапкершілігі белгіленген жабдықтар мен қызметтерге және француз өкімет орындары белгілеген шекте және шарттарда қолданылуы мүмкін.

Несиені ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНЕ төменде келтірілген 2, 3 және 4-баптарда жазылған ережелерге сәйкес НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР беретін болады.

2-БАП. Несие бойынша қарыз алу құқығын ашу

ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ Хаттаманың есебінен қаржыландыруға қабылданған келісім-шарттар 1997 жылғы 17 желтоқсандағы шетелдік мемлекеттік қызметшілердің халықаралық коммерциялық мәмілелердегі сыбайлас жемқорлығына қарсы күрес туралы ОСЭР Конвенциясы сияқты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі халықаралық нормалармен айыпталатын ешқандай да практиканың мәні болмайтындығы жөнінде өзіне міндеттеме қабылдайды.

Француздық беруші мен қазақстандық сатып алушы арасында жасалған және Хаттаманың 6-бабына сәйкес қаржыландыруға қабылданған Хаттамаға Қосымшада көрсетілген жобаны іске асыруға қатысты әрбір келісім-шарт төменде "Келісім-шарт" деп аталатын болады. Францияның ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ Елшілігінің Экономикалық Кеңесшісінің мөрімен куәландырылған Келісім-шарттың бір данасы НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ жіберілетін болады; Экономикалық Кеңесші Келісім-шартта Хаттама шеңберінде қаржыландыруға арналған соманы көрсетеді.

Егер ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ қарыз алуға арналған өтінімнің осы бапта айтылған шарттарға сәйкестігін тексеру үшін қосымша құжаттар қажет деп санаса, Қаржы министрлігі қазақстандық сатып алушыдан (Алматы әкімияты) растайтын құжаттарды сұратады. ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ Қосымшада келтірілген жалпы нұсқаулыққа қосымша ретінде НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ төлеуге жататын нақты соманы көрсете отырып, француздық берушіге ақы төлеуге арналған рұқсатты жіберуі тиіс. ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНЕН осы рұқсатты алмастан, НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР француздық берушіге ақы төлеуді жүргізбейді.

Келісім-шарттың осы данасын және үлгісі Қосымшада беріліп отырған жалпы нұсқаулықтармен бірге хат нысанында ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ берген француздық берушіге ақы төлеуді жүргізуге арналған рұқсатты алған кезде НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР француздық берушіні Хаттаманың есебінен қаржыландыруға Келісім-шарттың қабылданғаны туралы хабардар етеді. Сонымен қатар, НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР бөлінген қаражаттың пайдаланылуына және қабылданған міндеттемелердің орындалуына, атап айтқанда, олардың қаржыландыру туралы хаттамаларға қатысты француздық қаржыландыру ережелеріне сәйкестігіне ықтимал бақылау жүргізуіне келісімді талап етеді. Француздық берушіден осындай келісімді алғаннан кейін НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР Экономикалық кеңесші көрсеткен қаржыландыру сомасына Несие бойынша қарыз алу құқығын ашады. Алайда, ақы төлеу ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ француздық берушіге ақы төлеуге арналған рұқсатында көрсетілетін соманың шегінде ғана ақы төленуге тиіс нақты соманы көрсете отырып, жүргізілетін болады.

3-БАП. Кейінге қалдыру шарттары - Несие бойынша қарыз алу алдындағы н е г і з д е м е л е р

Жоғарыда 2-бапта анықталған Несие бойынша қарыз алу құқықтарын ашқаннан кейін Несие төменде келтірілген 4-бапта көзделгеніндей, тек НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДІ қанағаттандыратын төмендегі мынадай шарттар орындалған жағдайда:

а) НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ осы Несие келісіміне және ақы төлеуге арналған рұқсатқа қол қоюға тиісінше өкілеттік берілген ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ өкілдерінің өкілеттіктері берілген жағдайда;

б) әрбір Келісім-шарт бойынша:

- НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ жоғарыда келтірілген 1-бапта айтылғанындай, ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ берген заемға қатысты шарттың көшірмесі берілген жағдайда; бұл ретте ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ұсынатын заемның шарттары осы Несиенің шарттарымен бірдей болуы тиіс;

- НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ қазақстандық сатып алушы мен түпкі бенефициар арасында қол қойылған шарттың көшірмесі берілген жағдайда; бұл ретте қазақстандық сатып алушы ұсынатын қаржылық шарттар Несиенің шарттарымен бірдей болуы тиіс;

- НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ француздық берушіге ақы төлеу үшін қажетті құжаттарды қазақстандық сатып алушының өкілдері бекітуі тиіс жағдайда, қазақстандық сатып алушы өкілдерінің өкілеттіктері және қолдарының үлгілері берілуі тиіс;

- НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ француздық беруші бірінші аванстық төлемді төлегеннен кейін Келісім-шарттың күшіне енуін растайтын құжатты берген жағдайда, ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ шотына аударылатын болады.

4-БАП. Несие бойынша қарыз алу

Әрбір Келісім-шартта көзделген бірінші аванстық төлем фрахт пен сақтандыруды шегере отырып, Хаттаманың шеңберінде қаржыландырылатын Келісім-шарт сомасының 10%-дан 20%-на дейін құрауы тиіс.

Фрахт пен сақтандыруға қатысты, жөнелтілгенге дейін ешқандай да ақы төлеу жүргізілмейді.

Несие бойынша әрбір қарыз алу НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ Келісім-шартта талап етілетін құжаттардың фотокошірмелерін ұсыну бойынша Келісім-шарттың төлем мерзіміне сәйкес француздық берушінің пайдасына жүргізілетін болады.

Егер НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР қарыз алуға арналған өтінімнің қаржыландыру туралы хаттамаға қатысты француздық қаржыландыру ережелеріне сәйкестігін тексеру үшін қосымша құжаттар қажет деп санаса, НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР осы құжаттарды француздық берушіден сұратады.

НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР 2-бапта көзделген шекте Несие бойынша француздық берушіге тиесілі соманы төлейді. НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДІҢ жоғарыда көрсетілген құжаттардың фотокошірмелерін тексеру жөніндегі жауапкершілігінің мәні Құжаттамалық Несиелерге (соңғы шығарылым) қатысты Франция Банкінің қайта есептеуге рұқсат ету Ережесі мен Шарттарында айтылатын мағынада олардың Келісім-шарт бойынша төлем мерзімдері мен шарттарына және осы Несие келісімнің шарттарына сырттай сәйкестігін бақылаумен шектеледі.

НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР талаптарға сай деп танылған құжаттарды алғаннан

кейінгі 15 жұмыс күнінен кейін француздық берушіге ақы төлеуді тікелей жүргізеді.

Әрбір күнтізбелік тоқсанның аяғында НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНЕ осы күнтізбелік тоқсанның ішінде жүргізілген қарыз алулардың күні мен сомасын нақтылайтын шоттың үзінді көшірмесін жібереді.

Осы Келісімнің 2, 3 және 4-баптарында көзделген ережелерге сәйкес НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР француздық берушімен жүргізген есеп айырысулар НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДІҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ 2-бапта айтылған жалпы нұсқаулықтар бар хатында берген тапсырманы орындауын білдіреді және оның билігіне ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Үкіметі ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Үкіметіне бөлген Несиенің берілгенін растайды.

5-БАП. Негізгі соманы өтеу. Несие бойынша пайыздарды төлеу

НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДІҢ пайдасына өтеуге арналған құқық осы Несие келісімін орындау үшін ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ есебінен Несие бойынша ол жүзеге асырған төлемдерден туындайды. Несие біркелкі бөліктерге бөлінетін болады, оның әрқайсысы күнтізбелік тоқсан ішінде НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР жүргізген қарыз алуларға сәйкес келетін болады.

Ұзақтығы он алты (16) жыл Несиенің әрбір бөлігі жиырма (20) бірдей әрі біркелкі жарты жылдық жарнамен он (10) жыл ішінде өтелуі тиіс, бұл ретте бірінші бөлігі оның ішінде қарыз алулар жүргізілетін күнтізбелік тоқсанның соңғы күнінен кейін жетпіс сегіз (78) ай өткеннен кейін өтеледі. Несиенің әрбір бөлігі төленген және әлі өтелмеген сомаға есептелген жылына екі және оннан бір пайыз (2,10%) мөлшерінде пайыздар алу құқығын береді.

Пайыздар әрбір қарыз алу күнінен бастап есептеледі және 360 күннен тұратын жылдың және 30 күннен тұратын айдың негізінде есептеледі. Олар мерзімі басталған кезде әрбір жарты жыл сайын төленеді; бұл ретте алғашқы пайыздарды төлеу мерзімі оның ішінде қарыз алулар жүргізілетін күнтізбелік тоқсанның соңғы күнінен кейін алты (6) ай өткеннен кейін басталады.

Әрбір күнтізбелік тоқсанның аяғында жоғарыда берілген Несиенің айқындамасы әрбір бөлігіне НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР мүмкіндік пайда болған кезде, ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНЕ негізгі борышты және оған тиісті пайыздарды өтеу кестесінің төрт данасын жібереді. Осы кестеге НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР 4-бапта айтылған Несие бойынша қарыз алулары бар шоттың үзінді көшірмесін қоса береді.

Осы өтеу кестесі осы кестеде көзделген барлық төлем мерзімдері бойынша НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДІҢ пайдасына Қазақстан Үкіметінің атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ бұлжымас және қайтарып алынбайтын төлемдік міндеттемесі болып табылады.

Жоғарыда айтылған өтеу кестелерін алғаннан кейін ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ,

мүмкін бола салысымен, қазақстандық сатып алушыға жоғарыда айтылған өтеу кестесінің көшірмесін, сондай-ақ Несие бойынша жүргізілген қарыз алуларға сәйкес шоттың үзінді көшірмесін жібереді. Осы кесте қазақстандық сатып алушы ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ пайдасына, ал түпкі бенефициар - қазақстандық сатып алушының пайдасына жасауы тиіс өтеулерді анықтауға мүмкіндік береді.

Әрбір төлем мерзімі басталған кезде ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ПАРИЖДЕГІ НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДІҢ N 30000 99999 63565775000 07 шотына тиесілі соманы несиеге береді.

Егер негізгі сома бойынша немесе пайыздар бойынша өтеу күні ФРАНЦИЯДА жұмыс істемейтін күнге тап келсе, онда ол одан кейінгі бірінші жұмыс күніне ауыстырылады.

Тиесілі соманы алғаннан кейін НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР жүргізілген төлем туралы ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНЕ хабарлайды.

6-БАП. Келісім-шарттан туындайтын талаптар немесе ерекшеліктер

ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ осы Несие келісімінің шеңберінде алған барлық міндеттемелер, атап айтқанда негізгі борыш пен пайыздық ставкалар бойынша орындалу мерзімі басталған міндеттемелерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелер Келісім-шарт ережелері бойынша қазақстандық сатып алушы мен француздық берушінің арасында жасалған міндеттемелерге тәуелді емес.

Демек, қазақстандық сатып алушы Келісім-шарт бойынша француздық берушіге қоюы мүмкін ешқандай талап немесе ерекшелік НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ қарсы қойыла алмайды, және осылайша осы Несие келісіміне сәйкес тиесілі барлық соманы төлеуге ықпал етпейді.

7-БАП. Есеп айырысу және төлем валютасы. Заңды мекен-жайы

Келісім-шарттың әрбір сомасы Евромен беріледі.

Несие Евромен беріледі және өтеледі.

НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ тиесілі кез келген ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ төлейтін сома мына референция бойынша ПАРИЖДЕ ашылған НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДІҢ N 30007 99999 63565775000 07 шотына аудару арқылы жүргізілуі тиіс:

о

A . I / P . E . E . - P r e t N A 4 1

8-БАП. Келісім-шарт шеңберінде берілген кепілдіктерді тартуға байланысты соманы өтеу

Қазақстандық сатып алушының пайдасына Келісім-шарт шеңберінде кепілдіктер (банктік кепілдіктер, кепілгерліктер) берілген жағдайда, ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ қазақстандық сатып алушыға осы кепілдіктерден алынған кіріс НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДІҢ пайдасына берілуі тиістігі туралы хабарлайды. Демек, осы кепілдіктердің мәтінін осы кепілдіктерді тарту нәтижесінде құралатын ақшалай қаражат толық және тікелей НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ аударылатындығын нақтылайтын тармақты қамтуы тиіс.

Егер жоғарыда айтылған кепілдіктер төте кепілдіктермен өтелетін жағдайда, төте кепілгер жоғарыда айтылған кепілдіктерді тарту нәтижесінде алынған барлық ақшалай қаражатты тікелей НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ аударуды жүргізетініне кепілдік береді.

НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР осы кепілдіктерден алынған соманы 12-бапқа сәйкес қаржыландырады.

9-БАП. Салықтар - баждар - шығындар және жанама салықтар

Несие қаражаты Қазақстан Республикасында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге жіберіле алмайды.

Заң бойынша ФРАНЦИЯДА төлеуге жататын осы Несие келісіміне қатысты осы немесе болашақ барлық баждарды, кез келген сипаттағы салықтарды, елтаңбалық алымдарды НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР өтейді.

Осы Несие Келісіміне қатысты және Қазақстан Республикасында төлеуге жататын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Заемның негізгі сомасын және ол бойынша пайыздарды өтеу ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ заңнамасына сәйкес алынатын салықтардан және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден босатылады. Бұдан негізгі борыш сомасы және пайыздар кез келген шегерімдерден немесе ұстап қалулардан тәуелсіз төленетіні шығады. Алайда, егер қандай да болмасын оқиға тиесілі соманың бүкіл жиынтығын төлеуге кедергі жасаса, ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ оның бастапқы талабы бойынша және кешіктірмей нақты айырмасын төлейді.

Осы Несие келісіміне және одан туындайтын кез келген әрекетке қатысты барлық шығыстарды, кез келген баждар мен қаламақыларды, көбінесе заң консультанттарының шығыстары мен қаламақыларын және ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ әрекетінен немесе әрекетсіздігінен туындаған процессуалдық әрекеттерге немесе тексерулерге байланысты туындауы мүмкін барлық шығыстарды соңғысы төлейді.

10-БАП. Мораторийлік пайыздар

Төменде келтірілген 11-бапта көрсетілетінді жоймай, яғни 10-бапты бұзбай міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығы немесе төлемнің қандай да болмасын мерзімін қорғау белгіленген күні негізгі сома бойынша немесе пайыздар бойынша орындауды басталған мерзімдерінде ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ міндеттемелерді өтемеуі берешек күнінен бастап оны нақты төлеген күніне дейін мораторийлік пайыздарды есептеуге толық құқық береді.

Хаттаманың 3-бабына сәйкес осы мораторийлік пайыздар жылдық үш пайызға (3%) арттырылған жылдық екі бүтін жүзден жетпіс төрт пайызда (2,74%), яғни жылына барлығы бес бүтін жүзден жетпіс төрт пайыз (5,74%) 2000 жылға заңнамада белгіленген пайыз ставкасының негізінде есептелетін болады. Осы мораторийлік пайыздардың өздеріне осы мораторийлік пайыздар бір жылға жеткен сайын, жоғарыда келтірілген ставка бойынша пайыздар есептеледі - бес бүтін жүзден жетпіс төрт (5,74%))

11-БАП. Несиені тоқтата тұру. Несие бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету

Келісім-шарт бойынша ешқандай жаңа қарыз алу НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДЕН талап етіле алмайды және ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРГЕ қарыз Келісім-шарт бойынша барлық сома төменде санамаланған мән-жайлардың біреуі туындаған кезде НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДІҢ алғашқы талабы бойынша жедел төлеуге жатады:

- қандай себеп болса да Келісім-шартты тоқтата тұру, жою, ішінара немесе толық бұзу; Несиені тоқтата тұру және Несие бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету Несиенің тоқтатыла тұрған, күшін жойған немесе бұзылған Келісім-шартқа қатысты бөлігіне ғана қолданылады. Алайда, мұндай жағдайда ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ өтінуі бойынша НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР француз өкімет орындарының мақұлдауымен төленген Несиені сақтап қала алады.

- ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ осы Несие келісімі бойынша қандай да болмасын өзінің төлемдік міндеттемелерін төлемеуі;

- ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ осы Несие келісімінен туындайтын қандай да болмасын шарттарды, айтылғандарды немесе міндеттемелердің бірін тиісінше орындамауы;

- осы Несие келісімінің орындалуына кедергі болатын қазақстан Үкіметінің кез келген әрекет немесе шешімі.

Жоғарыда санамаланған жағдайларда кез келген Несиені мерзімінен бұрын өтеуді

талап ету ешқандай ресмиліксіз немесе заңмен белгіленген шешімдерсіз төменде 14-бапта көрсетілген ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ заңды мекен-жайына тапсырыс хатын жіберу арқылы жүзеге асырылады. Осы хатта жоғарыда айтылған өтеу хатты алғаннан кейін ең әрісі 30 күннен асырылмай жүргізілуі тиістігі нақтыланады.

Жоғарыда айтылған құқықтарды жүзеге асыруда НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР тарапынан кез келген кешігуді немесе олқылықтарды ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ешқашанда осы құқықтардан бас тарту түрінде немесе ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ тарапынан ақы төленбеген келісім ретінде қарай алмайды.

12-БАП. НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДЕН алынған соманы қаржылық бөлу

5 және 10-баптарда көзделген негізгі сома және пайыздарды төлеу бойынша төлемдердің басталған мерзімінде міндеттемелерді өтеуді қоспағанда, осы Несие келісімінің шеңберінде, оның ішінде 8 және 11-баптарды орындау үшін НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДЕН алынған кез келген соманы НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР м ы н а д а й т ү р д е б ө л е д і :

- бірінші кезекте төлеуге мүмкіндік бар берешектерді төлеуге;

- о д а н к е й і н :

- не бір немесе бірнеше қойылған өтеу кестелері бойынша қалған

негізгі борышты өтеуге, бұл ретте көрсетілген кесте немесе кестелер тиісінше қайта есептеледі;

- не НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР ақшалай қаражат алатын күнтізбелік тоқсан ішінде Несие бойынша жүргізілген қарыз алуды шегеруге;

- не өткен күнтізбелік тоқсандар үшін Несие бойынша жүргізілген қарыз алуды шегеруге, бұл ретте оларға қатысты өтеу кестесі немесе кестелері тиісінше қайта есептеледі.

13-БАП. Қолданылатын құқық

Осы Несие келісімінің қолданылатын құқығы француздық Құқық болып табылады.

14-БАП. Домицилийді таңдау

Осы Келісімді орындау үшін домицилийлер мынадай мекен-жайлар бойынша таңдалды:

NATEXIS BANQUES POPULAIRE үшін:

Secretariat General
Activites Institutionnelles
Prets aux Etats Etrangers
45, rue Saint Dominique
75007 PARIS
Телекс: 660 370
Телефон: 01 48 00 32 11/39 86
Факс: 01 48 00 37 70

Қаржы министрлігі үшін:

Қазақстан Республикасы
473000 Астана қаласы
Жеңіс даңғылы, 33
Қаржы министрлігі
Телекс:
Телефон: 7 (3172) 117761
Факс: 7 (3172) 117762

15-БАП. Түсіндіру - шешілмеген мәселелер - даулар

Егер осы Несие келісімін орындау уақытында түсіндіру проблемалары және осы мәтінмен шешілмейтін мәселелер туындаса, НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР және ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ өзара түсіністік және ізгі ниет рухында қарапайым хат алмасу арқылы тиісті шешімдерді іздейді.

Келіспеушіліктер туындаған жағдайда, мүдделі тараптар қажет болған жағдайда, өз үкіметімен консультацияға жүгіне отырып, оны өзара келісім бойынша реттеу мақсатында келіссөздер жүргізеді.

Егер келісімге қол жеткізілмесе, дау оны реттеудің тиісті тәсілдері туралы шешім қабылдайтын екі дауласушы тараптың үкіметтерінің назарына ұсынылады.

16-БАП. Күшіне енуі

Осы Несие келісімі НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР және ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
оған
қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

ПАРИЖДЕ "____"
және АСТАНАДА "____"
жасалды.

(Екі данада француз және орыс тілдерінде, бұл ретте екі мәтіннің де
бірдей күші бар).

НАТЕКСИС БАНК
ПОПЮЛЭР

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

ҚОСЫМША

ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ БАР ХАТТЫҢ ҮЛГІСІ

..... мырза!

..... сомадағы Келісім-шартқа

(күні), француздық берушінің және, қазақстандық сатып
алушының арасында қол қойылды.

2000 жылғы 5 қазанда қол қойылған Қаржыландыру туралы хаттаманың шеңберінде
қаржыландыруға жататын жобаға қатысты осы Келісім-шарт Алматыда
Франция Елшілігі Экономикалық Кеңесінің мөрімен куәландырылды.

Қазақстандық сатып алушының өтінуі бойынша Сізден біздің шотымызға
француздық берушімен және қазақстандық сатып алушымен келісілген ақы төлеу
шарттарына сәйкес және сіздің қызметтеріңізге келісім-шарттық құжаттардың фото
көшірмелерін бергеннен соң және НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭР ҚАЗАҚСТАННЫҢ

ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНЕН ақы төлеуге рұқсат алғаннан кейін француздық берушіге тікелей төлем жүргізуіңізді өтініп сұраймыз.

Төлеуге жататын нақты соманы көрсете отырып, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ рұқсатына сәйкес НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДІҢ француздық берушінің пайдасына ақы төлеу, өтелуі және қызмет көрсетілуі 2002 жылғы ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ мен НАТЕКСИС БАНК ПОПЮЛЭРДІҢ арасындағы

Несие келісіміне сәйкес жүзеге асырылатын Несиенің қаражатын алу түрінде қаралады.

Француз қазынашылығының Несиесі бойынша өтеу
..... Біздің Несие келісімімізбен анықталған шекте және шарттарда жасалады.

ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.